

“МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ” ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Семей қаласының Достық үйінде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық айналымы «ШҚО Семей қаласының Ішкі саясат бөлімі» ММ бағдарламасы аясында «Отбасы орталығы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өтті.

Байқау қаламызда тоғызыншы рет өткізіліп отыр. Сайысқа қала әкмі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі қалалық комиссия, Абай атындағы кітапхана, Семей қаласының Достық үйі өзінің көмегін ұсынса, «ФИК АЛЕЛ» АҚ, «СЕМАВТОПАРК» ЖШС, «Түрлендіру» Шіркеудің Пасторы және жеке кәсіпкер Асет Досқужанов қаржылай демеушілік көрсеткен.

Қалалық іріктеу кезеңдеріне 5 отбасы өзінің



фарқызы, «Аналар үйі» ұйымының жетекшісі Айнагүл Ғалымбекқызы қазылық етті.

Отбасылар арасында I орынмен екі бірдей отбасы Сапархановтар және Байбатыровтар әулеті марапатталса, II орынды Құрманбаевтар әулеті, III орынды Омашевтар отбасы иеленді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер қаржылай сыйлыққа және мақтау қағаздарымен марапатталды.

- Бүгінгі сайысқа қатысқанымызға қуаныштымыз. Ұйымдастырушыларға, демеу бола білген жандарға, ұжымға алғыс айтқымыз келеді. Қазақстанымыз осындай енегелі отбасылармен толығып, қазағымыздың үлгі аларлық отбасылары кеп болсын. Осы сынды байқауларымыз жиі өтіп тұрса екен дейміз,- деп жеңімпаз отбасының әкесі Данияр Сарсембайұлы өзінің тілегін білдірді.

Жеңімпаздар алдағы уақытта республикалық «Мерейлі отбасы» ұлттық сайысында қаламыздың атынан бақ сынайды. Сайыс нәтижесінде жеңіске жеткен және жүлдегер атанған отбасыларды құттықтаймыз!

“Е.Ө.-ақпарат

өтініштерін қалдырып, байқауда Сапархановтар, Байбатыровтар, Құрманбаевтар, Омашевтар және Тоқтағазиндер отбасы жеңіс үшін бақ сынады.

Басты мақсат - отбасылық құндылықтар мен ата-аналардың жауапкершілігін, отбасылық өмірдің қоғамдағы беделін арттыру мен бірлік пен ынтымақ негізі ретінде отбасылық құндылықтарды насихаттау болды.

- Біздің ең басты мақсат - отбасыларға бақытты отбасының бейнесін көрсете білу. Отбасындағы адамдар бір-бірін жақсы көруі керек, қолдау керек және әрине, балаларға махаббат сыйлау бірінші орында болса дейміз. Көп адамдар осы сынды байқауларға қатысқысы келмей, өнер көрсете алмай жатады. «Мерейлі отбасы» байқауына қатысқан отбасылар-

ды да көндіру оңайға соқпады. Біз олармен ұзақ дайындалдық, сахна мәдениетіне, сахнадан қорықпауға үйреттік,- дейді ұйымдастырушы әрі қазылар алқасының мүшесі Жанна Жағфарқызы.

Қалалық іріктеуге дайындық бір жарым ай келемінде, аптасына бір рет өтіп отырған. Байқау айналымы 3 кезеңнен тұрды, фото байқау, отбасылардың таныстырылымдары және театрландырылған қойылымдар сайысы.

Кеш тізгіні Абай атындағы кітапхана қызметкерлері Медет Божанов пен Айгүль Мусакиевада болса, қазылар алқасында «Отбасы орталығы» ұйымының атқарушы директоры Людмила Асташкина, Білім бөлімі басшысының орынбасары Бауыржан Булабаев, «Отбасы орталығы» ұйымының президенті Жанна Жағ-